Мақтаарал ауданы білім бөлімі «Демеу» бөбекжай балабақшасының ЖШС

Меңгерушілік кеңес **Хаттамасы кезектен тыс №1**

05.09.2023ж. Қатысқаны-6

Күн тәртібінде:

1.Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы.

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде «Демеу»бөбекжай балабақшасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйек күні Парламент палаталарының бірлескен отырысында өткен «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын ұжым болып тыңдады.

- Жолдаудың негізгі бөлігі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналды.
- Әр баланың толыққанды дамуы үшін елімізде осыған жағдай жасалатынына баса назар аударды.
- Президент Жолдауда сапалы білім беруге жағдай жасау туралы тапсырма берді:
- «... бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын. Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады».

1 Қыркүйек, 2023жылы жарияланған Президент Жолдауында еліміздің сапалы өмір сүруін көздеген түйіткілді мәселелерді көтере отырып, оны шешу тетіктерін де меңзеген болатын.

Мемлекеттік басшысының Жолдауы, халықты қолдауы маңызды.

Президентіміздің ой-түйіні: Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары әрдайым қатар жүруге тиіс. Демек, Әділетті Қазақстан орнату үшін әрқайсымыз Адал азамат болайық!

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** балабақша әдіскері Б.Маликова сөз алды. Президентіміз 1 қыркүйектегі жолдауында балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет, оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек , осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуі тиіс деп өте орынды айтылған. Және де балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет деп, білікті мамандардың жұмыс жасауын талап етіп отыр.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Асилбекова сөз алды. Қазіргі кезде көптеген адамдарымыз жұмыссыз жүр, Президентіміз осы орайда келесі жылы100 мың жасты жұмысқа орналастыруымыз керек, жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп, оларга жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын несие беріледі.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді –деп, ұлттың болашағын ойлай отырып, өте өзекті мәселені көтеріп отыр.

**СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:** балабақша тәрбиешісі К.Жолшиева сөз алды. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев қазақстан халқы жолдауында отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Бұл мәселеге көз жұма карауға болмайды. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек-деп, отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса , олар олар одан бетер басынып кететіні жайлы өте жақсы айтылған.

**ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1.Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі халқына арналған Жолдауын жүзеге асыруға міндеттіміз.

2. Жоғарыда аталған міндеттерді насихаттауды қолға алу жұмыстары жандандырылсын.

Төрайымы: Ш.Касымова

Хатшы: К.Жолшиева

«Демеу» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Әкімшілік жиналыстың 1 отырыс

Күні:01.09.2023 қатысқандар 19

Қаралатын мәселе

1.Балабақша қызметкерлерімен еңбек шартын таныстыру.

2.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығына шолу тексеру қорытындысы

3.Жаңа келген балдарды балдарды балабақша тәртібімен таныстыру

Балабақша меңгерушісі: Сөз алды Ш.Касымова бірінші Құрметті «Демеу» ұжымы 2023-2024 оқу жылының басталуымен құттықтап, еңбектеріне шығармашылық табыс тілеп барлық қызметкерлерді 1-қыркүйек білім күнімен құттықтады. 1 қаралатын мәселе бойынша барлық қызметкерлерге өз міндетін таныстырып еңбек шартымен таныстырып, қол қойды.

2-мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш.Касымова шаруа меңгерушісі А.Ұзақбай және ғимарат жөндеуші Б.Асилбеков мырзалармен топтарға шолу жасап, биылғы жөндеу жұмыстарын бақылап шықты.Шолу барысында кемшіліктер болмады.

3 мәселе балабақша меңгерушісі Ш.Касымова Жаңа келген балдарды балабақша тәртібімен таныстырып.ата-аналармен келісім шартпен отыру керектігін айтып өтті. Жаңа келген балдарды балабақша тәртібімен таныстыруды әр топ тәрбиешілеріне тапсырды. Балабақша әдіскеріне күн тәртібін топ топқа іліп қоюды бұйырды. Бұл мәселе бойынша ересек топ тәрбиешісі К.Жолшиева жаңа келген балалар тәртіпке тез үйренетінін айтып өтті.Балабақша меңгерушісі Ш.Касымова жиналысты қызметкерлерге жұмыстарына сәтілік тілеп, тапсырмалар орындалсын деп бұйырып жиналысты аяқтады.

Әкімшілік жиналыстың төрайымы: Ш.Касымова

Хаттшы : Г.Шекербек

«Демеу» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Әкімшілік жиналыстың 2 отырыс

Күні:12.10.2023 қатысқандар 6

Қаралатын мәселе

1. «Алтын күз» мерекесін жоспарлау
2. «Тәуелсіздік» күні. «Жаңа жыл» мерекесінің сценариин бекіту
3. Кіріс құжаттарды талқылау

Балабақша меңгерушісі: Ш.Касымова сөз алды "Алтын күз» мерекесіне орай балабақша саз жетекшісі А.Смадияровадан жоспар бойынша дайындықтарын сұрады. А.Смадиярова тәрбиешілермен ақылдаса келе ертеңгіліктің жоспарын құрғаны баяндап берді.Б.б меңгерушісі Ш.Касымова үлгілік бағдарламаның өзгерістерін ескере отырып әр бір іс-әрекетті ойын түрде өткізуін талап етті. Балабақша әдіскері:Б. Маликова сөз алды дамытушы ортаға, заттық кеңістікке мән беріп ойындарды кіріктірілген дағды бойынша ойнатуын ұсынды.

2. Балабақша меңгерушісі: Ш.Касымова сөз алды алда келе жатқан мерекелер жайлы айтып өтті «Тәуелсіздік» күні. «Жаңа жыл» мерекесінің сценариин бекіту керектігін айтып өтті, және саз жетекшінің жоспарын сұрады. Балабақша әдіскері:Б. Маликова сөз алды «Тәуелсіздік» күні мерекесіне білім бөлімінен әдістемелік хат келгенін және тақырыптарымен келгенін айтып өтті. Балабақша меңгерушісі: Ш.Касымова барынша балаларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу керектігін «Отаным менің Қазақстан» тақырыбында алып баруын сұрады. Балабақша меңгерушісі: Ш.Касымова сөз алды «Жаңа жыл» мерекесіне келсек балалардың қауіпсіздігі үшін мерекеде жанғыш заттарды қолданбау, тұмаудың өршуіне байланысты ата-аналардың қатыспауын қадағалаңыздар. Ата- аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

3.Кіріс құжаттарын педагогтермен талқылау.Орындалып жатканын тексерді.

Әкімшілік жиналыстың төрайымы: Ш.Касымова

Хаттшы : Г.Шекербек

«Демеу» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Әкімшілік жиналыстың 3 отырысы

Күні: 04.01.2024 қатысқандар 14

Қаралатын мәселе.

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы
2. «Тәуелсіздік» күні, «Жаңа жыл» мерекесін талқылау
3. Жарты жылдық мониторинг қорытындысы
4. Кіріс құжаттарды талқылау

Балабақша меңгерушісі: Ш.Касымова сөз алды кіріс құжаттары келгенде соны орындау міндеттіміз. Байқаулар келеді соған тәрбиеленуішілерді қатыстырып жүлделі орындар алуларыңызға тілектеспін. Балабақшаның жақсы жағынан атын шығаруға ат салыңыздар.Ата - аналармен тығыз қарым -қатынаста болуларыңызды сұраймын.

2 қаралатын мәселе Ш. Касымова «Тәуелсіздік» күні, «Жаңа жыл» мерекесіне тоқталсақ. Тәуелсіздік» күні балалардың бойына еліне деген сүйіспеншілікті оята білдіңіздер,менің көңілімнен шықты.Балабақша әдіскері:Б.Маликова сөз алды стол үсті ойыны әр асықтың астында жасырынған қазақтың ұлттық аспаптары, тағамдары, ұлттық сусындардың аттарын балалар тауып олар туралы мәлімет алды.Балаларға қызықты болды, деп әдіскер өзіне ұнағанын айтып өтті.Балабақша меңгерушісі Ш.Касымова алдағы уақытта ұлттық ойындарды бала бойына сіңірулеріңізді сұраймын.Жаңа –жылға келсек ертеңгілік жасы өтті.Балалардың тәртібі,олардың өнерлері барлығы жоғарғы деңгейде болды. Ең бастысы ата-аналар көңіліннен шықты.

Балабақша меңгерушісі:Ш. Касымова 3-қаралатын мәселе бойынша сөз алды тәрбиеленушілердің жарты жылдық мониторинг аралықты тапсыруымыз керек. Әр топ ән- саз жетекшісімен бірге балалардың білім бөліміннен келген таблицаны бастапқы мониторингке қарап қатесіз толтырып әдіскерге тапсырыңыздар деп б/б меңгерушісі педагогтерге тапсырма берді.

Балабақша меңгерушісі :Ш. Касымова 4-қаралатын мәселе бойынша

2023 жылғы бүкіл келген кіріс құжаттарды педагогтер мен талқылап өтті.

Әкімшілік жиналыстың төрайымы: Ш.Касымова

Хатшы: Г.Шекербек